Бекітемін
Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы –Ректор м.у.а.

_____ Б. Таубаев

«26» 02 _____ 2024 ж.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі

Кешенді емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Келесі пәндер бойынша:

1. Қазақ журналистикасының тарихы
2. Бұқаралық ақпарат құралдары заңнамасы және этика
3. Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

6В03201 – «Журналистика» ББ бойынша студенттерге арналған

2023-2024 оқу жылы

Талдықорған, 2024 ж.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің кеңесінде қаралды.

Хаттама №__5__ «__18__» __01__ 20_24_ж.

БББ жетекшісі _____ Есенбек Ж.Б.

Келісілді:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор _____ Б. Таубаев

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры _____ Г. Кыдырбаева

Жоғары мектеп деканы _____ А. Абызова

Университетінің Ғылыми кеңесінде бекітілген

«_26_» __02__ 20_24_ж. № _7_ хаттама

1 - модуль
Қазақ журналистикасының тарихы
ТҮСІНІК ХАТ

Пәннің қысқаша мазмұны:

а) Басты мәселе:
қазақ журналистикасын зерттеуші ғалымдардың еңбектері арқылы журналистиканың теориялық негізін меңгеру.

ә) Білім, машық, дағды және компетенция тізбегі:

- ақпарат құралдары жұмысындағы өзіндік белгілерін теориялық негізінде игере отырып тәжірибемен ұштастыру;
- керекті жерінде шетел ақпарат көздерінің іс – тәжірибесіндегі жетістіктерін дәлелді талдауға пайдалану;
- қоғамдағы өзекті мәселелерді шетел теоретиктерінің пікірлері негізінде бүгінгі журналистердің қызметіндегі кемшіліктерін орынды сынға алып талдай білу.

Курстың мақсаты:

Еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты соңғы он жылда қазақ журналистикасының өткен тарихының «ақтаңдақ» тұстары қайта қаралып, кезінде ұлтшыл, байшыл, алашордашыл деген нақақ жаламен жабылып қалған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Абай» сияқты газет – журналдар мен онда қызмет істеген, әр жылдары жарияланымдары жарық көрген А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә.Бөкейханұлы, М.Шоқай, Х.Досмұхамедұлы, Х.Ғаббасұлы, Ә.Ермекұлы, С.Қожанұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды қазақ халқының біртуар зиялыларының қыруар мұралары мен оқыту процесіне қарай ғылыми айналымға түсіп, өткен қоғамдық ойымыздың тарихын саралауға мүмкіндік туды. Осы орайда Ұлттық баспасөз мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесі хақында тарихи құжаттарды сөйлету, олардың шығармашылығындағы пішін мен түр, сюжеттік оқиға желісі мен жанрлық белгілері, көркемдік идеялық мәні мен ақпараттық ерекшелігі жағынан мағлұмат беру бұл пәннің мақсаты болмақ.

Курстың негізгі міндеттері:

«Қазақ журналистикасының тарихы» пәні журналистика тарихы бойынша өтілетін курстың бір бөлігі ретінде ең алдымен «Қазақстан тарихы» пәнінің негізінде барлық қоғамдық, саяси кезеңдермен байланыстырыла оқытылады.Себебі, әр студенттің бойына қазақ журналистикасының өткен дәуірлердегі жинақтаған мол тәжірибесін, шығармашылық ізденістері мен шеберлік жетістіктерін дарыта білу бұл пәнде қарастырылуы көзделген.

- Студенттерге 1917 жылдан бергі кезең аралығындағы қазақ журналистикасының өткен жолы жөнінде жан – жақты мағлұмат ұсыну.
- Қазақ газеттері мен журналдарының бағыт – бағдарына, мән – мазмұнына олардың жарық көрген уақытындағы саяси - әлеуметтік жағдайларға сәйкес баға беру.
- Қазақ баспасөзі тарихындағы «ақтаңдақ» тұстарға ерекше назар аудару.
- Студенттерге қазақ журналистикасы тарихының проблемалары бойынша зерттеу жұмыстарын жазуға ықпал ету.

Курстың соңында студент мыналарды білуі керек:

- Қазақ журналистикасының өзекті мәселелерін білуі керек;
- Алған білімдерін практикада қолдана білу;
- Журналистиканың негізгі әдістерін меңгеру керек;
- Теориялық талдау жасай алу;
- Қазақ журналистикасының тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну;
- Өзіндік пікір айта алу;
- Негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу.

1-модуль
Қазақ журналистикасының тарихы

1. Ұлттық журналистиканың бастау көзі: Күлтеген, Тоныкөк ескерткіштері
Күлтегін ескерткішіндегі жазбада өмірде болған тарихи оқиғаның баяндалуы. Ескерткішті тұңғыш тапқан ғалым. Ескерткіште бейнеленген суреттері мен қаған таңбалары. Көне жазба ескерткішінің авторлары. Жазба ескерткішінің зерттелуі. Тоныкөк жазбасының өзіндік ерекшеліктері.

2. **XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ мерзімді баспасөзінің даму бағыттары.**

«Түркістан уалаятының газеті». «Дала уалаятының газеті». «Серке» газеті. «Казақ» газеті. «Тіршілік» газеті. «Айқап» журналы. «Алаш» газеті. «Серке» газеті т.б.

3. Қазақ публицистикасының көшбасшылары, еңбектері
Ш.Уәлихановтың хат, мақала, ғылыми мақалалары мен жолсапар очерктері. Ы.Алтынсариннің мақалалары мен очерктері және этнографиялық мақалалары. А. Құнанбайұлының еңбек, білім, тәлім-тәрбие тақырыбына арналған өлеңдеріндегі публицистикалық элементтер мен қара сөздері.

4. 1905-1907 жылдардағы қазақ баспасөзі
«Серке» газеті. «Казақ» газеті. «Орал» газеті. «Еңбек өмірі» журналы. «Фикир» («Пікір») газеті. шығарушылар мен авторлар құрамы. Қазақ зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқалар. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы.

5. 1910-1914 жылдардағы қазақ баспасөзі
«Айқап» журналы. «Қазақ газеті». 1910-1914 жылдардағы қазақ баспасөзі
көтерген мәселелер. Оның идеялық, саяси бағыты.

6. «Айқап» журналы және оның идеялық бағыты.
Отарлау саясаты. Журнал көтерген саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелер. Білім беру және мәдени, ағарту проблемалары.

7. «Қазақ» газеті және мәдени-рухани алғышарттар
А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының редакторлық, журналистік қызметтері. Газеттің авторлары. Газет көтерген мәселелер. Оның идеялық, саяси бағыты. Қазак халқыныц бұрынғы, сол кездегі жайы. көнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін мен шаруасы жайындағы кеңес. оқу окыту, мектеп, медресе, ғылым, өнер, тіл, әдебиет, білім және т.б. мәселелер туралы газет бетіндегі жарияланған материалдар.

8. Қазақтың жалпыұлттық бағыттағы демократиялық басылымдары (1917-1919)
«Сарыарқа» газеті. «Жас Азамат» газеті. «Алаш» газеті. «Қазақ мұңы» газеті. «Тіршілік» газеті. Газетті шығарушылар мен авторлар құрамы. Оның бағыт-бағдары. Газет бетіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдык мәселелер.

9. «Алаш» газетінің саяси-идеялық бағыты
Газет тарихы. Шығарушы редакторлары. Саяси бағыты, шыққан мақалалар және жабылу себебі.

10. «Еңбекші қазақ» газеті – кеңестік идеология жаршысы
«Еңбекші қазақ» газетінде көтерілген мәселелер. Газет тарихы. Шығарушы редактор.

11. «Ара» журналының тарихы
«Ара» (1956ж.) журналы. Редакция алқасы. Осы журналдың қоғамға жат қылықтарды, кемшіліктерді сынауы.

12. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ мерзімді баспасөзі
«Социалистік жол» газеті. Солтүстік батыс майдандық «Отан үшін» газеті. Белоруссия майданының басылымы «Майдан ақиқаты» газеті. «Социалистік Қазақстан», «Казахстанкая правда» газеттері. 1942 жылдың екінші жартысынан бастап қазақ тілінде шыққан майдандық газеттер.

13. 1946-1960 жылдардағы баспасөз.

1946-1960 жылдар арасындағы қазақ мерзімді баспасөзінің даму жолдары. Жалпы жағдайы. Соғыс кезіндегі уақытша тоқтаған республикалық, облыстық баспасөздердің қайта шығарылуы. Аудандық газеттер жүйесінің дамытылуы. Тілшілер қозғалысының жаңа кезеңдері. «Қазақстан мұғалімі» (1952 ж.) газеті. Тұрақты бөлімдері. Даму тарихы, онда істеген публицистер. Қазақ мерзімді баспасөзінің халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы рөлі.

14. Тоқырау жылдарындағы баспасөз (1960-1980)

1960 – 1980 жылдардағы қазақ мерзімді баспасөзінің идеялық сапасы. Газет-журнал тілшілері, оқырмандар арасындағы қарым – қатынас, сол кезеңде Торғай, Маңғыстау, Жезқазған облыстары газеттерінің және басқа да басылымдардың жарық көруі.

15. Егемен баспасөзі. Егемендік жылдарындағы баспасөздің идеялық алғышарттары

Жариялылық, демократияландырудың негізіндегі бұқаралық. Ақпарат құралдары жұмысының қайта құрылуы. Баспасөзде (ақтаңдақ) мәселелердің жазылуы. Әлеуметтік – экономикалық және ұлтаралық қатынастар проблемаларының көтерілуі. 1986 жылы Алматыда болған желтоқсан оқиғасының орталық және жергілікті басылымдарда жазылуы.

16. Егемендік жылдарындағы қазақ басылымдарының кейбір проблемалары

Республикамыздың тәуелсіздік алуына байланысты баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдарының қайта құрылуы. Тәуелсіздік және жеке меншік газет – журналдардың пайда болуы. Орыс тілді басылымдардың кейбір проблемалары.

17. Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев – қазақтың алғашқы публицист-журналистері

Ш.Уәлихановтың хат, мақала, ғылыми мақалалары мен жолсапар очерктері. Ы.Алтынсариннің мақалалары мен очерктері және этнографиялық мақалалары. А. Құнанбайұлының еңбек, білім, тәлім-тәрбие тақырыбына арналған өлеңдеріндегі публицистикалық элементтер мен қара сөздері.

18. Ұлттық баспасөздің тууы, қалыптасуы, дамуы. (1900-1909жж.) «Торғай», «Қазақ», «Серке» газеттері, «Дала» 1907-1911 ж, «Орал» 1907 ж.

Газет тарихы, даму жолдары. Жалпы жағдайы мен басты ұстанымдары. Газетті шығарушы редакторлар.

19. Қазақтың жалпыұлттық бағыттағы демократиялық басылымдары («Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттері).

Газет тарихы, даму жолдары. Жалпы жағдайы мен басты ұстанымдары. Газетті шығарушы редакторлар.

20. Қазақстандағы алғашқы кеңес басылымдары (1917-1925жж.). («Тіршілік», «Қазақ мұңы», «Ұран», «Еңбек туы», «Қызыл Қазақстан», «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттері, «Жаңа мектеп», «Шолпан», «Сана», «Таң», «Абай» журналдары)

21. Қазақ жастар баспасөзінің тууы, қалыптасуы, дамуы.

(«Жас азамат», «Өртең», «Жас қайрат», «Жас алаш» газеттері, «Пионер», «Жас қазақ» журналдары.)

22. Қазақстандағы тоталитарлық жүйе және баспасөз (1926-1937)

Тоталитарлы саяси жүйе. Тоталитарлық жүйе қалыптасуы.

23. Соғыстан кейінгі жылдардағы публицистика

М. Әуезовтің «Абай» романының екінші кітабы (1947), С.Мұқановтың «Ботакөз» болып өңделіп қайта басылған романы («Жұмбақ жалау») мен «Сырдариясы» (1948), Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» (1949), Ғ.Мұстафиннің «Миллионері» (1948) т.б.

24. А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі

«Әдебиет танытқыштың» құрылымдық ерекшелігі.

25. 1960-1970 жылдардағы публицистика

1960-1970 жылдары жарыққа шыққан әдеби туындылар.

26. 1980 жылдардағы публицистика

Көркем шығармалардың жарыққа шығуы.

27. А. Байтұрсынұлының ағартушылық, қоғамдық қызметі, баспасөздегі еңбегі.

«Қырық мысал», «Маса», «Әдебиет танытқыш» т.б.

28. М.Дулатұлы өмірі, журналистік қызметі

«Серке» газетінде «Жастарға»деген өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» атты публицистикалық мақаласы. «Еңбекші қазақ», «Ауыш тілі», «Қазақ» газеттері.

29. М.Сералыұлы – публицист, журналист («Айқап» журналы)

Сералиннің журналистік қызметі екі кезеңге бөлінеді: 1-кезеңіне «Айқап» журналында төңкеріске дейін басылған 40-қа жуық мақалалары жатады. 2-кезең 1918 – 1928 жылдары аралығын қамтиды, бұл кезеңде «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде саясат, шаруашылық, мәдениет мәселелері жайында мақалалары жарияланды.

30. «Түркістан уалаятының газеті» (1870 – 1882), «Дала уалаятының газеті» (1888 – 1902) «Серке» (1907) газеті.

Ұлттық баспасөздің тууы, қалыптасуы, дамуы. Бас редакторлары. Газеттің сол жылдардағы жағдайы.

2-модуль

Бұқаралық ақпарат құралдары заңнамасы және этика

ТҮСІНІК ХАТ

Курстың мақсаты – журналистика мамандығы бойынша білім берудің жалпыұлттық мақсаты – баспасөз саласында толыққанды, сапалы, кәсіби білім беру болып табылады;

Жалпы білім беретін және элективті пәндерді оқытудың мақсаты жалпы интеллектуалдық жоғары білім деңгейін қамтамасыз ету, сауатты сөйлеу мәдениетін меңгеру, гуманитарлық ойлау мәдениеті мен еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларында құқықтық негіздермен танысуға негізделген;

Негізгі пәндерді оқытудың мақсаты студенттің келесі жоғары кәсіби білім беру сатыларында оның шығармашылық қарымы, бастамасы мен жаңашылдығын дамытуға жағдайлар жасауға бағытталған.

Кәсіби біліктілік пәндерін оқытудың мақсаты мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жеделдету үшін еңбек нарығындағы түлектердің бәсекелестігін қалыптастыруда студенттің өзі таңдаған жеке бағдарламаларды оқуы мен кәсіби дағдыларын қалыптастыруы тиіс.

Міндеттері: журналистика мамандығы бойынша түлектер төмендегі кәсіби міндеттерін орындауға:

- демократиялық мемлекет құруға, ұлттық идея мен қоғамдық сана және қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етуге;
- басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, креативтік, тәрбиелеушілік, интегративтік қызметтік міндеттерді жүзеге асыруға;
- қоғамдағы үдерістерді бақылауға және ғылыми-техникалық дамудың жаңаша табыстарын игеруге;
- баспа өнімдерін, БАҚ материалдарын, баяндама мәтіндерін дайындауға, мәтіндерді редакциялауға, әртүрлі жағдайларға түсініктеме беруге, жарнама материалдарын шығаруға, қоғаммен байланыс қызметін ұйымдастыруға;
- қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етуге, ақпараттарға түсініктеме беруге, қоғамдық сананы қалыптастыруға;
- ҚР баспасөз редакторларының алдында тұрған қызметтік міндеттерді сапалы орындауды жүзеге асыруға.

2-модуль

Бұқаралық ақпарат құралдары заңнамасы және этика

1. **Қазақстан Конституциясы және БАҚ заңнамасы**

Қазақстан Конституциясы (18 бабы 3 тармағында Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдарына не міндеттеледі.

2. **БАҚ туралы Қазақстан Конституциясындағы негізгі ұғымдар**

Қазақстан Конституциясы (18 бабы 3 тармақ, 20 бап)

3. **БАҚ қызметін ұйымдастыру этикасы**

Этика кодексі. Этиканы заңдылықтарының ақталуы және журналистер үшін пайдасы.

4. **БАҚ-тағы журналистік этиканың бұзылуы**

Журналистік этиканың бұзылуы және оның журналистке тигізер зияны. Журналистік этиканың бұзылуына мысал келтіру.

5. **Қазақстандағы авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның мәні**

Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заң

6. **БАҚ-тағы менеджмент пен маркетинг**

БАҚ-тағы жарнама жүйесі

7. **БАҚ-тағы тіл туралы заңның сақталынуы**

ҚР Конституциясы, БАҚ туралы заң (3 бап)

8. **Әлемдік БАҚ заңдылықтары мен этикасы**

Этика кодексі. Шетел тәжірибесінен мысал. Шетелдің БАҚ туралы заңдары.

9. Қазақстан Республикасындағы цензура мен этика
Этика кодексі. ҚР Конституциясы (20 бап), БАҚ туралы заң (2 бап)
10. БАҚ заңын бұзғаны үшін тартылатын жауапкершілік
БАҚ туралы заң (7 тарау)
11. Демократия мен сөз бостандығының этикалық сипаты
ҚР Конституциясы, БАҚ туралы заң
12. Ақпаратты жария етпеудің ерекше жағдайлары
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
13. Журналистикадағы халықаралық шарттар мен келісімдер
Газет-журна беттеріндегі материалдар, телерадио жаңалықтары және интернет басылымдары.
14. Кәсіби этика мәселелері
Журналистің этикалық кодексі
15. Журналистік әдеп. Журналистік жауапкершілік
Журналистің этикалық кодексі, Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
16. Журналистік әлемдік этика талаптары
Журналистік әлемдік этика. Әлемдік тәжірибе.
17. Тележурналистің құқықтары, міндеттері.
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң (5 тарау)
18. Телехабарлардағы шындықты бұрмаламау
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
19. Телеарналардағы ақпараттық қауіпсіздік
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
20. БАҚ қызметін ұйымдастыру
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
21. Мерзімді баспасөз басылымын және ақпарат агенттігін есепке қою, қайта есепке қою
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
22. Теле және радио хабарларын монтаждау, монтаж бағдарламалары
Монтаж жасау және оған қойылатын талаптар.
23. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарын шет елдерде аккредиттеу
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
24. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды бұзғандығы үшін жауапкершілік негіздері
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
25. Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы
ҚР Конституциясы, Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
26. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру және тоқтату
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
27. Тележурналистерді аккредиттеу
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
28. Авторлық құқық пен редакторлық құқық
Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заң, Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң
29. Авторлық этика
Авторлық құқық және сабақтас құқықтар ТУРАЛЫ ЗАҢ
30. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы меншік иесі
Бұқаралық ақпарат құралы туралы заң

3-модуль
Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі
ТҮСІНІК ХАТ

«Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі» **пәнінің мақсаты** – студенттің кәсіби салада әлеуметтік - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі кәсіби тәжірибеде халықаралық журналистиканың даму заңдылықтарын талдаумен байланысты оқу материалын пайдалану, хабар таратуды сандық жүйеге көшіру жағдайында өз еліннің әрі қарай дамуына, жаһандық медианарықта журналистика саласында күрестің артуына үлес қосу болып табылады.

Курсты меңгерудегі міндеттер:

- қазіргі ақпараттық кеңістікте қалыптасқан тенденцияларға баға беріп, теориялық жағынан байыптама жасау;
- қалыптасқан жанрлар жүйесінің пішіндері мен функциясының өзіндік заңдылықтарын зерделеу;
- студенттерді жекелеген жанрлардың өзіне тән эволюциясы мен ерекшеліктерін ажырата білуге баулу;
- оларға әр жанрдың атқарар міндетін теория және практика жүзінде ұғындыру;
- шәкірттерге дәстүрлі жанрлар модельдерін толысу, даму үдерісінде көрсету;
- баспа өнімдерін, мәдени өмірдегі құбылыстарды рецензиялау және жарнамалау ісін теория және практикалық істе үйрету;
- студенттерді қазақ және шет ел танымал журналистерінің ақпаратты, талдамалы, деректі-көркем жанрлық мәтіндерінің озық үлгілерімен жүйелі таныстыру;

Жазу мәдениеті мен стилін қалыптастыруға ықпал жасау.

«Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі» пәнін оқу нәтижесінде студент мыналарды білуі керек:

- көсемсөз жанрларының тоериясы мен практикасын жақсы білуі тиіс;
- білікті болуы тиіс;
- журналистикатану саласындағы білімін ұдайы жетілдіруге тиіс;
- қазіргі журналистика мәтіндерінің жаратылыс пен әлеуметтік үдерістердегі орны мен ролін нақты ұғынуы тиіс;
- қазақ және халықаралық журналистика шеберлерінің ой өрісі мен тақырыпты игеру динамикасын байыптап, заманалы журналистика жанрлық пішіндерін өмір шындығымен тығыз байланыста қарастыруға тиіс;
- хабарлама, талдамалы және деректі-көркем журналистика әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, студент тарихи сабақтастық, жанрлар қызметінің ерекшеліктерін айқындауға тиіс;
- студент қазіргі журналистика функцияларын жадында сақтап, өзіндік жазу мәнерін іздеп, шеберлігін ұштай түсуге дағдылануға тиіс;

Студент төмендегідей **құзыреттерді** игеруі қажет:

- отандық және шетел ақпарат құралдарының сан түрлі баспасөзінде, радиотелевизиясында және әлеуметтік желілерде бағдар ұстау;
- шетелдік БАҚ контентін сұқбат алушыны таңдау сияқты журналистік жұмыс принциптері тұрғысынан талдау, коммуникация әдісі, жанр, форма, саяси және ситуациялық жағдайларды ескеру;
- жетекші шетел аудиовизуалды және баспа БАҚ қызметтерінің талаптары мен нәтижелерін тұтастай сипаттау;
- Қазақстанның қазіргі журналистік ортасына халықаралық журналистиканың
- жетістіктерін шығармашылық жағынан көшіру.

3-модуль
Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

1. Қазақ публицистикасындағы жанрлар мен пішіндерді зерттеуші ғалымдар еңбектерінің маңызы (Т.Асмандосов, Т.Қожакеев, М.Барманқұлов, Н.Омашев, С.Байменше).

Көркем публицистикалық **жанрлар** (журналистика) – журналистикадағы ең әдемі жанрлардың бірі. Тақырыпты таңдау үстінде көркем әдебиеттік, сатира, юморлық, публицистика элементтерін тоғыстыра қолданады. Публицистикада бүкіл қоғам мүшелерінің назарын аударатын оқиғалар, мысалдар, типтік фактілерді талдау, сипаттау әдісімен түсіндіріледі. Сондықтан ірі оқиғалар мен құбылыстар публицистің тудырған бейнесі арқылы айқындала түседі.

2. Журналистиканың ақпараттық жанрлары

Ақпараттық жанр (журналистика) – газет бетіндегі матермалдар мен радио-, телеэфирінің 50 пайызынан астамын құрайтын журналистикадағы басты жанрлардың бірі. Оған *хроника, шағын* және *кеңейтілген ақпараттар, сұхбат, есеп, суреттеме, репортаж* жатады. Бұлардың бәріне қойылатын талаптар ортақ. Ақпараттық жанр дәлелдер мен дәйектерден тұрады және оның құрамында әдеби көркемдеуіш құралдар қолданылмайды. Күнделікті фактілер туралы баяндайды. Егер аталған жанрды орынды, дұрыс қолдана білсе, онда олардың мүмкіндігі шексіз.

3. Отандық БАҚ беттерінен ақпараттық жанрларға мысалдар келтіру

Күн сайын республикамыздың түрлі аймақтары мен әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан сан алуан жаңалықтарды аудиторияға сол күні,күн құрғатпай жеткізетін де осы жанрлар.Таң қаларлығы оқиға БАҚ-та,оның ішінде баспасөзде ең өтімді тауар.Ол газет қожайына басылым таралымын көбейтіп,мол табыс әкеледі.Журналист жанр материалдарын таңдағанда оның мазмұнының қаншалықты маңызды,өткір қызықты екендігіне дейін таңдап-талдайды.

4. Хабар-ошар. Ақпараттық хабар

Хабар-ошар - дегеніміз дерек хабарланатын қысқаша хабарлама, журналистиканың ақпараттық жары. Хабар-ошарды кейде «хроникалық хабар» деп атайды. Хроника – тарихи оқиғалардың хроникалық жүйеде жазылуы. Журналастикадағы хроника – дерек туралы қысқаша хабар, яғни, хабар-ошар мен хроника синонимдес сөздер болып келеді. Хабар-ошарда журналист дерек пен оқиғаға қатысты маңызды ақпаратты (оқиға орны, оған қатысушылар) толық баяндайды. Репортажда автор болған оқиғаға қатысушы ретінде деректер мен объективті, эмоционалды түрде аудиторияға жеткізеді.

5. Хабар-ошардың төл сипаты, БАҚ-тағы орыны,тілдік-стильдік ерекшеліктері «Егемен Қазақстан» газеті мысалында

Хабар-ошар – ақпараттық жанрдың ішінде кең тараған жаңалық бюллетенінің негізгі элементі. Хабар-ошар ауызша бейнеқатарсыз беріледі. Оқиға айтарлықтай маңызды болып, ал бейнематериалдар түсірілмесе немесе пайда болмаса, ауызша жеткізу өте қолайлы. Жаңалық бір ғана сөйлеммен кім, не, қайда және қашан болғанын жеткізеді. Оқиғаның себеп-салдарлық байланысы «кадрдан тыс» жерде қалады. Бұл журналистиканың жанры қалай және неге сұрақтарына жауап бермейді.

6. Талдамалы жанрлар: Репортаждың ұшқырлығы, жаңалықты жедел жеткізгіштік сипаттары, мысалдар

Радиожурналистиканың ақпаратты жанрлары аты айтып тұрғандай ақпараттық функцияны атқарады, ал талдамалы жанрлары ақпараттық және талдамалы функцияны атқарады. Соған сәйкес талдамалы жанрлардың құрылымдық, тілдік-стильдік ерекшеліктері айқындалады. Өйткені, оның маңыздылығын, өзектілігін жоймаған әлеуметтік мәні бар фактіге құрылатындығы ақпараттық функциясын айқындаса, ал журналист тарапынан фактіге

жасалатын сараптама, оқиғаға немесе құбылысқа көзқарас таныту, пікір білдіру, баға беру талдамалық функциясын іске асырады.

7. Жанрлардың тіл мен стиль ерекшелігі

Публицистикалық стиль жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін және дәл сол кезеңде зор мәні бар мәселелер тақырып болады. Мысалы, саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер. Үндеудің, үгіттеудің мақсаты - жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, жұртшылықтың санасына ықпал ету. Тіл деңгейлеріне байланысты публицистикалық стильдің ерекшеліктері болады. Кез келген, жазушының тілі мен стилі болады. әр жазушының, журналистің өзіндік сөздік қоры, игеретін стилі бар.

8. Радиожурналист пен тележурналистің жұмыс істеу дағдысы, ұқсастығы мен айырмашылығы

Қазақ халқының мәдениетін, тілін, дінін, тарихын ұлттық нышандарын дәстүрлі түрде ғасырдан – ғасырға жетелеп отырған радиожурналистика бұқаралық ақпарат құралдарының бір саласы ретінде қалыптасты. Журналистиканың басқа да түрлері сияқты радионың қалыптасу кезеңдері тарихта өз ізін қалдырды.

9. Журналистикадағы сұхбаттың орны

Сұхбат – публицистикалық жанр, журналистің бір немесе бірнеше тұлғамен әңгімесі. Егер сөздердің семантикасына назар аударатын болсақ, «inter» - өзара қатынасты бағыттас деген мағынаны берсе, «view» сөзінің мағынасы – «көзқарас», «пікір» дегенді білдіреді. Демек, сұхбат – көзқарас, дерек, ақпарат алмасу. Сұхбат – көп қырлы жанр. Бұл сұхбаттың ақпараттық жанрға да, талдамалы жанрға да қатыстылығын дәлелдейді. Сұхбат өзіндік жеңілдігіне қарамастан, белгілі бір стратегия мен тактикаға бағынуды талап ететін күрделі жанр.

10. Сұхбаттың жанрлық ерекшелігі. («Егемен Қазақстан» ауызша талдау)

Сұхбат әртүрлі болады. Жанр ретінде сұхбат: хабарлама (әңгіменің маңызыд тұстары алынып, жауаптар қысқа беріледі), сұхбат – диалог (әңгіменің толық мәнін береді), сұхбат суреттеме (әңгіме мазмұнына өзге оның қандай жағдайларда алынғанын, сипаты беріледі), сұхбат – пікір (оқиғаға, құбылысқа, деректерге түсіндірме беріледі), бұқаралық сұхбат (баспасөз конференцияларынын, брифингтерден беріледі) болып бөлінеді.

11. Публицистиканың талдамалы жанрлары. Коментарий

Талдамалы жанр түрлеріне мақала, рецензия, шолу, хат жатады. Талдамалы жанрларға оқиғаларды салыстыра зерттеу, деректер мен мәліметтерді тарата талдап, солардың төңірегінде ой қорыту, бағалау тәсілі тән. Комментарий – латынның талдау, түсіндіру деген сөзінен шыққан. Ол – қоғамдық саяси деңгейдегі өзекті мәселенің, оқиғаның, құбылыстың мәнісін түсіндіруге құрылған сараптамалық материалдардың бір түрі. фирден берілу ретіне қарай комментарийді екі топқа бөлуге болады:

12. Телеарнадағы талдамалы жанрлардың көрінісі. («КТК» арнасындағы «Апталық портрет» сараптамалық бағдарламасына нақты мысалдар негізінде талдау жасау)

КТК телеарнасында тұңғыш қазақ тіліндегі ақпараттық бағдарлама «Бір күн» деген атпен 1998 жылдың тамыз айында шыққан. Бір айдан кейін «Күндерек» деп аталды. 2000 жылдан бастап «Күндеректің» сапасы арта түсіп, телекеңістікке жаңадан «Шарайна» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы келіп қосылды. Бұл хабардың сол кезде жаппай шығып жатқан апталық сараптамалық телебағдарламалар арасында өзіндік ерекшелігі болды.

13. Көркем публицистиканың журналистикадағы жанр ретіндегі орны қандай?

Көркем публицистикалық жанрлар (журналистика) – журналистикадағы ең әдемі жанрлардың бірі. Тақырыпты талдау үстінде көркем әдебиеттік, сатира, юморлық, публицистика элементтерін тоғыстыра қолданады. Публицистикада бүкіл қоғам мүшелерінің назарын аударатын оқиғалар, мысалдар, типтік фактілерді талдау, сипаттау әдісімен түсіндіріледі. Сондықтан ірі оқиғалар мен құбылыстар публицистің тудырған бейнесі арқылы айқындала түседі.

14. Хат . Корреспонденция

Корреспонденция - негізі және ең көне оперативті газет жанрларының бірі. Корреспонденцияның міндеті - өмірдің бір пұшпағын көрсету, оның мақсаты - бір немесе бір топ фактіні талдау, саяси, экономикалық және мәдени өмірден бір оқиғаны, құбылысты көрсету. Мақалалардан айырмашылығы корреспонденцияда фактілер мен мысалдар орталық, өзекті орынды алады. Фактілерді жинап, автор әуелі оларды сипаттап жазады және осы фактілерді талдау негізінде тиісті қорытындылар жасайды.

15. Газет , журнал , телерадио және интернет сайттары жанрларының ортақ қасиеттері мен өзіндік ерекшеліктері

Газет — мерзімді, уақытша не бір рет қана шығатын басылым. Ежелгі Шығыс қалаларында көпшілік орындарға ілінетін хан жарлықтарынан бастау алады. 16 ғасырда Венецияда «жаңалық жазушылар орталығы» құрылып, арнаулы ақпараттарын «газета» (италияша gazzetta — базар нарқы туралы ақпарат сатып алуға арналған ұсақ ақша) деп аталатын тиынға сатты. Тележурналистика – арнайы техникалық құралдар арқылы бейнелік ақпарат таратудың шығармашылық жүйесі, бұқаралық ақпарат құралының бір парасы, жаңалықтар мен оқиғаларды көрерменге жеткізіп, қоғамдық ой-пікір мен дүниетанымды қалыптастыратын көркем публицистикалық қызмет түрі, шешендік өнердің бір тармағы, тележурналистердің шығармашылық әдіс-тәсілдері мен шеберлік қырларын жүйелейтін білім мен ғылым саласы.

16. Телевизиялық сұхбаттың құпиялары.Тікелей эфирдегі сұхбат және кейіпкер таңдаудың маңызы

Журналист керекті ақпаратты маңызды оқиғалар, құжаттар және дерекнамалармен таныса отырып, ең алдымен, ақпаратты білетін адаммен араласа отырып алады. Кез келген адаммен қарым-қатынас диалог, сұрақ-жауап түрінде өтеді. Сұхбатың негізгі бейнелік құралы сөз және жанды адам тілі, ал тіршілік ету формасы диалог болып табылатын телевизиялық публицистикада бұл жанрдың маңызы ерекше. Сұхбат – журналистің қоғамдық маңызы бар тұлғамен өзекті сұрақтар туралы әңгімесін көрсететін публицистиканың жанры. Сұхбат дегеніміз – пікір, көзқарас, дерек, мәлімет алмасу.

17. Ш.Мұртаза-публицист, редактор. Шығармашылық лабораториясының ерекшеліктері

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Әулиеата уезі, қазіргі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ топырағында дүниеге келген. Әкесі Мұртаза 1937 жылы сталиндік репрессияның құрбаны болып кетті. Шерхан 1941 жылы Талапты мектебінде бірінші кластың табалдырығын аттаған кезден бастап-ақ оқумен бірге еңбекке де араласты. Балалық шағы соғыстың қиямет, қиын-қыстау кезеңіне тұспа-тұс келді.1950 жылы Жамбыл қаласында интернат үйінде жүріп, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң әуелі Мәскеу полиграфия институтында, үшінші курстан бастап Мәскеудің мемлекеттік Ломоносов атындағы университетінде оқып, журналистика факультетін 1955 жылы бітіріп шығады.

18. Мақала және оның түрлері. Проблемалық, ғылыми, полемикалық, мақаланың бір-бірінен айырмашылығы

Бас мақала. Проблемалық мақала.Теориялыц мақала. Ақпараттық мақала.

19. Рецензияның түрлері. Әдеби, ғылыми, театр, кино рецензиясы. Пікірталас. Пресс-концеренция

Рецензия - көркем немесе ғылыми шығарма, қоғамдық-саяси немесе техникалық әдебиет, театр қойылымы, кинофильм, теледидар бағдарламалары, өнер көрмесі, музыкалық концерт және тұрмыстық жағдай сыналатын, баға берілетін жанр. Рецензияның негізгі түрлеріне мыналар жатады: Әдеби рецензия.Ғылыми рецензия.Театр рецензиясы.Кино рецензиясы және т.б.

20. Сауытбек Абдрахманов эсселері мен очерктерінің тақырыбы мен тың ізденістері

1951 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы, Ұя ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 1976 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін журналистика мамандығы бойынша бітірді. Филология ғылымдарының докторы. Профессор.

Еңбек жолын 1975 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында әдебиет және өнер бөлімінің тілшісі болып бастаған. 1980 жылдан кеңес құрылысы бөлімінің, 1983 жылдан партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі, редакциялық алқаның мүшесі болды.

21. Айқындама жанры: журналистік тексерім және журналистік зерттеу.

Журналистік зерттеуге бірнеше кеңестер:**1. Іздеуді қолдана біліңіз. 2. Әрқашан деректерді екі рет тексеріңіз. 3. Жерсерігінен түсірілген суреттерді қолданыңыз.**

22. Қазақ баспасөзіндегі эпистолярлық жанрлар

Жанр французша «genre» – ерекше қасиеттерге ие пішін мен мазмұннан біріккен шығарма түрі. Жүйе «система» грек тілінде «systëma» – бөлшектерден құралған бүтін, яғни «біріккен» деген мағына береді, жалпы бір бүтіндікті құрайтын, өзара байланыстағы көптеген элементтердің жинынтығы. Автордың мақсат қоюы, құжаттарды толтыруы, публицистикалық сөз саптаушының мазмұны мен сипаты оның пішінін, яғни жанрын анықтайды. «Эпистолография» термині грек тілінің «epistole» деген сөзінен алынған. Яғни жолдау, хат деген мағынаны білдіреді».

23. Көркем-публицистикалық жанрлар: Суреттеме, очерк, аннотация

Суреттеме – бұл көркем-публицистикалық және репортаждық тәсілдер үйлесетін аралық жанр. Очерк - деген шынайы адамдар мен шынайы өмір суреттелетін көркем әдеби әрі деректі шығарма. Аннотация - кітаптың, топтама жинақтың, қолжазбаның мазмұнын оқырманға қысқаша баяндау.

24. Көркем-публицистикалық жанр түрлеріне БАҚ беттерінен мысалдар келтіру

Көркем публицистикалық жанрлар (журналистика) – журналистикадағы ең әдемі жанрлардың бірі. Тақырыпты талдау үстінде көркем әдебиеттік, сатира, юморлық, публицистика элементтерін тоғыстыра қолданады. Публицистикада бүкіл қоғам мүшелерінің назарын аударатын оқиғалар, мысалдар, типтік фактілерді талдау, сипаттау әдісімен түсіндіріледі. Сондықтан ірі оқиғалар мен құбылыстар публицистің тудырған бейнесі арқылы айқындала түседі. Ал бейне арқылы оқырманға оқиға жайлы толықтай мәлімет алуға мүмкіндік береді.

25. Жол-сапар очеркі. Жанрдың тіл-стилі. Қазіргі жол-сапар очерктерінің «Егемен Қазақстан» газетіндегі көрінісі

Жол-сапар очерктерінде кәбінде алыстағы елдерді, олардың тұрғындарын, сол жердің табиғатының әсемдігін, саяхаттың ерекшелігі мен кездейсоқтықтар және тағы басқа саяхатшының көрген-білгенін, қандай да болмасын қаламмен суреттеу барлық жастағы оқырман үшін қызықтылығын жоймайды.

26. Сатиралық жанрлар: Пародия. Шарж. Эпиграмма. Осы жанрлардың төл сипаты.

Шарж - адамның ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын ашу мақсатында әсірелеп, оның тұлғасын, келбетін, ұқсастықпен күлкілі әрі нанымды етіп суретке салу, сатиралық немесе юморлық бейне. Эпиграмма - белгілі бір адамды, затты, болмыс-құбылысты әзіл тұрғысынан бағалайтын сатиралық поэзияның шағын жанры. Пародия – белгілі бір шығарманы немесе оның авторын, әдеби ағымды, тұтас бір жанрды соған еліктей сынап-сықақайтын әдебиет, театр, музыка және эстрада жанры.

27. XX ғасырда қазақ публицистикасындағы эписторялық жанр өкілдері кімдер?

Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов қазақ халқының тарихи-мәдени дамудан кенже қалып, қараңғылықта отырған күйін суреттеп, елді өнер-білімге үгіттеді. Жаңалыққа енжар, ұйқыда жатқан қазақты бірі «Маса» боп құлағына ызыңдап, бірі «Оян, қазақ» деп, бар дауыспен жар салды. Ғасыр басында әдебиетке келген ақын-жазушылардың барлығы да осы дүбірмен оянғандар еді. Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ әдебиетін көркемдік-эстетикалық тұрғыдан байытып, жаңа жырлардың туып, жетілуіне үлес қосты.

28. Сұхбат жанрының қандай түрлері бар?

Сұхбаттың өзіне тән ерекшелігі сол, мұнда фактілердің немесе оқиғалар жайында айтылған пікірлерді баяндау журналистің атынан емес, сұхбат берген адамның атынан болады. Демек журналистке қарағанда редакция қойып отырған мәселеге көбірек қатысы бар адамның пікірлерімен, пайымдауларымен сұхбат құнды болып келеді.сұхбат дегеніміз – журналист

пен әңгіме жүргізілген адамның екеуара біріккен шығармашылық жұмысы. Оның табысты болуы көпжағынан жүргізушіге, яғни журналистке байланысты. Ол жоғары мәдениетті, редакциялық жұмыстан мол тәжірибесі болуға тиіс. Әрбір жанр сияқты сұхбат та бірнеше түрге бөлінеді: 1. сұхбат-монолог; 2. сұхбат-диалог; 3. суреттеме-сұхбат; 4. анкета;

29. Сұхбат барысындағы ең басты ұстанымдар қандай?

Сұхбат алу барысындағы ең негізгі ұстанымдар төмендегідей болуы қажет: Сұхбат алатын адамыңызбен алдын ала танысыңыз. Киім-киісіңізге аса мән беріңіз. Сұхбат алуға жалғыз келегеніңіз дұрыс. Келіскен уақыттан кешікпей келуге тырысыңыз. Көрісу барысында жымыюды, сұхбат алушы адамыңыздың көзіне тіке қарауды, танысқаныңызға қуанышты екеніңізді біліріп, қол алысуды ұмытпаңыз. Бағынышты адамның рөлін ойнамаңыз. Қашанда өзіңізді сұхбат беруші адаммен бірдей дәрежеде ұстаңыз. Ол жайында жылы лебіздер білдіруді ұмытпаңызҮ Кейіпкердің жетістіктері жайында үлкен мақтанышпен сөйлеңіз. Байқампаз болыңыз.

30. Сұхбаттың жасалу жолы мен сұхбаттың құрылуы, мысалдар келтіріңіз

Мысалы ол ашық, достық, ресми, еркін түрде болуы мүмкін. Сонымен қатар респондентті есімімен атау, ресми түрде атау (атыжөнін тегімен қоса атау), не болмаса қарт кісілерге дәстүрлі құрметпен атау («аға», «апа», «ата») сияқты жылы ілтипатпен сөйлесу сұхбаттың алдағы уақытта өзара сенімді жүргізілуінде ықпалы зор. Жалпы ел ішінде ауыл адамдарымен сөйлескенде ресми сипат алатын сұхбаттан гөрі дәстүрлі әңгімелесу типі ыңғайлы. Сұхбат алдында бұл кездесудің негізгі мақсаты респондентке түсінікті тілде жеткізілгені дұрыс.

1 - модуль
Қазақ журналистикасының тарихы пәнінен емтихан сұрақтары:

1. Ұлттық журналистиканың бастау көзі: Күлтеген, Тонікөк ескерткіштері
2. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ мерзімді баспасөзінің даму бағыттары
3. Қазақ публицистикасының көшбасшылары, еңбектері
4. 1905-1907 жылдардағы қазақ баспасөзі
5. 1910-1914 жылдардағы қазақ баспасөзі
6. «Айқап» журналы және оның идеялық бағыты
7. «Қазақ» газеті және мәдени-рухани алғышарттар
8. Қазақтың жалпыұлттық бағыттағы демократиялық басылымдары (1917-1919)
9. «Алаш» газетінің саяси-идеялық бағыты
10. «Еңбекші қазақ» газеті – кеңестік идеология жаршысы
11. «Ара» журналының тарихы
12. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ мерзімді баспасөзі
13. 1946-1960 жылдардағы баспасөз
14. Тоқырау жылдарындағы баспасөз (1960-1980)
15. Егемендік алған жылдардағы баспасөз, оның идеялық алғышарттары
16. Егемендік алған жылдардағы қазақ басылымдарының кейбір проблемалары
17. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев – қазақтың алғашқы публицист-журналистері
18. Ұлттық баспасөздің тууы, қалыптасуы, дамуы. (1900-1909жж.) («Торғай», «Қазақ», «Серке» газеттері, «Дала» 1907-1911 ж, «Орал» 1907ж
19. Қазақтың жалпыұлттық бағыттағы демократиялық басылымдары («Сарыарқа», «Бірлік туы» газеттері).
20. Қазақстандағы алғашқы кеңес басылымдары (1917-1925жж.). («Тіршілік», «Қазақ мұңы», «Ұран», «Еңбек туы», «Қызыл Қазақстан», «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттері, «Жаңа мектеп», «Шолпан», «Сана», «Таң», «Абай» журналдары)

21. Қазақ жастар баспасөзінің тууы, қалыптасуы, дамуы. («Жас азамат», «Өртең», «Жас қайрат», «Жас алаш» газеттері, «Пионер», «Жас қазақ» журналдары.)
22. Қазақстандағы тоталитарлық жүйе және баспасөз (1926-1937)
23. Соғыстан кейінгі жылдардағы публицистика
24. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі
25. 1960-1970 жылдардағы публицистика
26. 1980 жылдардағы публицистика
27. А.Байтұрсынұлының ағартушылық, қоғамдық қызметі, баспасөздегі еңбегі.
28. М.Дулатұлы өмірі, журналистік қызметі
29. М.Сералыұлы – публицист, журналист («Айқап» журналы)
30. «Түркістан уалаятының газеті» (1870 – 1882), «Дала уалаятының газеті» (1888 – 1902) «Серке» (1907) газеті.

Әдебиеттер тізімі

1. Ж. Нұсқабайұлы, Қ. Аллаберген, Ф. Оразаев. Қазақ журналистикасының тарихы, (1870-2008 жылдар) – Алматы: Білім, 2018. - 400 б.
2. Интернет-журналистика и новые медиа: Учебно-методическое пособие. - Костанай: КГУ им. А. Байтурсынова, 2014. - 75с.
3. Молдабеков А. Инфографика, изображение и звук на телевидении: конспект лекции / А. Молдабеков. – Алматы: Эверо, 2020. – 300 с
4. Саясат теориясы / Мейрманов С., 2020. - 337 с.
5. Б.А. Габдулина Г Саяси әлеуметтану. Оқу құралы. / Габдулина Б.А. – Алматы, Эверо, 2020. -156 б.
6. Практикалық журналистика: Оқу әдістемелік құрал. - Қызылорда: «Айсұлтан» баспаханасы, 2019.
7. Интернет-журналистика и новые медиа: Учебно-методическое пособие. - Костанай: КГУ им. А. Байтурсынова, 2014. - 75с.
8. Сердәлі Б. Мерзімді баспасөз дизайны [Мәтін]: Оқу құралы / Сердәлі, Б. - Алматы: Нұрлы Әлем, 2021. - 136 б. 1 экз.
9. Печать Казахстана в годы перестройки [Электронный ресурс]: Учебное пособие / А.О. Есдаулетов.- Алматы: ТехноЭрудит, 2019.- 1 электр. опт. диск.
10. Ответственность журналиста (с позиции журналистской деонтологии) / Абишева В. Т., 2020. - 241 с.

2 - модуль

Бұқаралық ақпарат құралдары заңнамасы және этика пәнінен емтихан сұрақтары:

1. Қазақстан Конституциясы және БАҚ заңнамасы
2. БАҚ туралы Қазақстан Конституциясындағы негізгі ұғымдар
3. БАҚ қызметін ұйымдастыру этикасы
4. БАҚ-тағы журналистік этиканың бұзылуы
5. Қазақстандағы авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның мәні
6. БАҚ-тағы менеджмент пен маркетинг
7. БАҚ-тағы тіл туралы заңның сақталынуы
8. Әлемдік БАҚ заңдылықтары мен этикасы
9. Қазақстан Республикасындағы цензура мен этика
10. БАҚ заңын бұзғаны үшін тартылатын жауапкершілік
11. Демократия мен сөз бостандығының этикалық сипаты
12. Ақпаратты жария етпеудің ерекше жағдайлары
13. Журналистикадағы халықаралық шарттар мен келісімдер
14. Кәсіби этика мәселелері
15. Журналистік әдеп. Журналистік жауапкершілік
16. Журналистік әлемдік этика талаптары
17. Тележурналистің құқықтары, міндеттері.
18. Телехабарлардағы шындықты бұрмаламау
19. Телеарналардағы ақпараттық қауіпсіздік
20. БАҚ қызметін ұйымдастыру
21. Мерзімді баспасөз басылымын және ақпарат агенттігін есепке қою, қайта есепке қою
22. Теле және радио хабарларын монтаждау, монтаж бағдарламалары
23. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарын шет елдерде аккредиттеу
24. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды бұзғандығы үшін жауапкершілік негіздері
25. Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы
26. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды немесе бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру және тоқтату
27. Тележурналистерді аккредиттеу
28. Авторлық құқық пен редакторлық құқық
29. Авторлық этика
30. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы меншік иесі

Әдебиеттер тізімі

1. Связи с общественностью / Шапкина Е. В., 2016. - 325 с.
2. Тұржан О. Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы // Оқулық // Екінші басылым / Айла Окай, Айдемир Окай, Оңайгнл Тұржан, түрікше мәтінді аударған Гнлханыс Арыстанова – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020-524б.
3. Барлыбаева, С. Digital journalism [Текст]: Monograph / С. Барлыбаева, Г. Муканова.- Almaty: KasakhUniversity, 2018.- 163 с.
4. Декларации принципов поведения журналиста (Международная федерация журналистов)
5. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. / Ж. Бейнбриж, Н. Гок, Л. Тайнан. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 592б.
6. История казахской Журналистики/ Мукашева М. Т., 2018. – 145
7. Сердәлі, Б. Қазіргі журналистиканың жанрлық формалары мен қызметі. [Мәтін]: Оқу құралы / Сердәлі, Б. - Алматы: Лантар Трэйд, 2021. - 171 б. 1 экз.
8. Жумабеков М.К., БодеевМ.Т. Спорт журналистикасы: оқу-әдістемелік құралы / М.К. Жумабеков, М.Т. Бодеев.– Алматы: Эверо, 2020.– 120 б.
9. Фельетон в современной печати Казахстана, 2016. - 201 с.

3 - модуль

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі пәнінен сұрақтар:

1. Қазақ публицистикасындағы жанрлар мен пішіндерді зерттеуші ғалымдар еңбектерінің маңызы (Т.Амандосов, Т.Қожакеев, М.Барманқұлов, Н.Омашев, С.Байменше).
2. Журналистиканың ақпараттық жанрлары
3. Отандық БАҚ беттерінен ақпараттық жанрларға мысалдар келтіру.
4. Хабар-ошар. Ақпараттық хабар.
5. Хабар-ошардың төл сипаты, БАҚ-тағы орыны, тілдік-стильдік ерекшеліктері. «Егемен Қазақстан» газеті мысалында.
6. Талдамалы жанрлар: Репортаждың ұшқырлығы, жаңалықты жедел жеткізгіштік сипаттары, мысалдар.
7. Жанрлардың тіл мен стиль ерекшелігі (Қазақ газеттері негізінде).
8. Радиожурналист пен тележурналистің жұмыс істеу дағдысы, ұқсастығы мен айырмашылығы.
9. Журналистикадағы сұхбаттың орны
10. Сұхбаттың жанрлық ерекшелігі. («Егемен Қазақстан» ауызша талдау).
11. Публицистиканың талдамалы жанрлары: Коментарий.
12. Телеарналардағы талдамалы жанрлардың көрінісі. («КТК» арнасындағы «Апталық портрет» сараптамалық бағдарламасына нақты мысалдар негізінде талдау жасау).
13. Көркем публицистиканың журналистикадағы жанр ретіндегі орны қандай?
14. Хат. Кореспонденция.
15. Газет, журнал, телерадио және интернет сайттары жанрларының ортақ қасиеттері мен өзіндік ерекшеліктері.
16. Телевизиялық сұхбаттың құпиялары. Тікелей эфирдегі сұхбат және кейіпкер таңдаудың маңызы.
17. Ш.Мұртаза – публицист, редактор. Шығармашылық лаборато-риясының ерекшеліктері.
18. Мақала және оның түрлері. Проблемалық, ғылыми, полемикалық, мақаланың бір-бірінен айырмашылығы.
19. Рецензияның түрлері. Әдеби, ғылыми, театр, кино рецензиясы. Пікірталас (дискуссия) Пресс-конференция.
20. Сауытбек Абдрахманов эсселері мен очерктерінің тақырыбы мен тың ізденістері.
21. Айқындама жанры: журналистік тексерім және журналистік зерттеу.
22. Қазақ баспасөзіндегі эпистолярлық жанрлар.
23. Көркем-публицистикалық жанрлар: Суреттеме, очерк, анотация
24. Көркем-публицистикалық жанр түрлеріне БАҚ беттерінен мысалдар келтіру
25. Жол-сапар очеркі. Жанрдың тіл-стилі. Қазіргі жол-сапар очерктерінің «Егемен Қазақстан» газетіндегі көрінісі.
26. Сатиралық жанрлар: Пародия. Шарж. Эпиграмма. Осы жанрлардың төл сипаты
27. ХХ ғасырда қазақ публицистикасындағы эпистолярлық жанр өкілдері кімдер?
28. Сұхбат жанрының қандай түрлері бар?
29. Сұхбат барысындағы ең басты ұстанымдар қандай?
30. Сұхбаттың жасалу жолы мен сұхбаттың құрылуы, мысалдар келтіріңіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Молдабеков А. Инфографика, изображение и звук на телевидении: конспект лекции / А. Молдабеков. – Алматы: Эверо, 2020. – 300 с

2. Сердәлі Б. Телеоператор шеберлігі [Мәтін]: Оқу құралы / Сердәлі Б. - Алматы: Лантар Трэйд, 2022. - 155 б. 1 экз.

3. Павлодар облыстық теледидары:журналистика кеңістігінде [Электрондық ресурс]:Монография / Ж.Қ. Бижан, Е.Е. Тәткен.- Алматы: TechSmith, 2018.- 1 электр. опт. диск.

4. Рамазанова, Ж.С. Телерадиожурналистика [Электрондық ресурс]: Практикум / Ж.С. Рамазанова.- Алматы: ИП А.Ю.Рыбакова, 2020.- 1 электр. опт. диск. 1 экз.

5. Сердәлі Б. Бұқаралық коммуникацияның тілі мен стилі [Мәтін]: Оқу құралы / Сердәлі, Б. - Алматы: Лантар Трэйд, 2022. - 99 б. 1 экз.

6. Тапанова С. Е. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі мен стилі (мерзімді баспасөз). Оқу-әдістемелік құрал / С.Е. Тапанова. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 176 б.

7. Электронные СМИ: язык и стиль / Абишева В. Т., 2020. - 234 с.

8. Абдрахманова, А.Т. Конфликтология [Электронный ресурс]: Учебное пособие / А.Т. Абдрахманова.- Алматы: TechSmith, 2018.- 1 электр. опт. диск.

9. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. / Ж. Бейнбриж, Н. Гок, Л. Тайнан. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 592б.